



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

СЕКЦИЯ 8 ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

8.1 Актуальные проблемы экономики

УДК 339.92

ТРАНСҰЛТТЫҚ КОРПОРАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Абайділда Әлия Ерболқызы
abaidilda.a.e@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті
«Экономика» - 6М050600 мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Хойч

Трансұлттық корпорациялар (ТҰК) әлем шаруашылығы байланыстарының барлық салаларына қатысып, әлем экономикасының «локомотивтері» деген атқа ие болды. ТҰК қызметтері ұлттық шаруашылықтың көптеген салаларын қамтып, әлемнің барлық бөліктеріндегі елдерге бағытталады. Осы жерде ресурстардың айтарлықтай бөлігі ТҰК шеңберінде жүзеге асырылатындықтан олардың әлем экономикасындағы рөлі аса маңызды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін трансұлттық корпорациялардың күшею тенденциясы байқалды. Бұл ТҰК теориясы мен әлем экономикасының тікелей шетел инвестициялары арқылы интернационализациялануына байланысты зерттеулерге көп мән беруіне алып келді. Бастапқыда ТҰК фирмалар теориясы шеңберінде қарастырылып, кейін дербес концепциялар ретінде қалыптасты. Олардың негізінде С.Хаймердің фирманың шетелге тікелей инвестицияларын іске асыруда жергілікті бәсекелестердің алдындағы артықшылыққа ие болу қажеттілігі туралы; Р.Коуздің ірі корпорацияның ішіндегі ерекше нарықтың бар болуы, Р.Вернонның өнімнің өмірлік циклі концепциясы сияқты американдық экономистердің идеялары жатыр.

Алғашқы капиталдың халықаралық қозғалысының *классикалық тұжырымдасының* авторлары А.Смит және Д.Рикардо екендігі мәлім. Кейінен олардың еңбектеріне сүйеніп Э.Хекшер мен Б.Олин экономистері неоклассикалық тұжырымдаманың негізін салды. Классикалық теория өкілдері капиталды шығарудың донор-елге де реципиент-ел үшін де өзара тиімді екендігіне назар аударады. Олардың пікірінше, инвестициялар бәсекелестіктің күшеюінен импорттаушы елдің экономикалық өсуінің жылдамдауына алып келеді.

Кейнсиандық теорияда мемлекеттің төлем балансы мен капиталдың қозғалысының өзара байланысы талданады. Дж.Кейнс тауар мен қызмет көрсету экспортының көлемі импорттан асып түскенде капиталды шығару жүзеге асырылады деп есептеген. Кейнсиандық теория бойынша бұл ереже орындалмаған кезде мемлекет араласуы тиіс болды.

Маркстік-лениндік тұжырымдама бойынша, капиталды шығару – бұл өнеркәсіп пен банктік сектордағы монополизациясынан ағып шығатын империализмнің бір белгісі. Маркс бойынша, капиталды шығару империализмнің экспансиясы арқылы өндірістің жүйеленген моделін құруға әсер етеді. В.Лениннің пікірінше, колониалдық елдерге капитал мен технологияның экспорты сол елдердің дамуына ықпал етеді, сонымен қатар, алдағы капиталистік елдердің өсудің баяулауына алып келеді. «Империализм капитализмнің жоғары сатысы ретінде» атты еңбегінде В.Ленин бұрынғы еркін бәсекелестік еркін түрді басым болған капитализм үшін тауарларды шығару тән. Ал монополиялардың үстемдігімен жаңа капитализмге капиталды шығару тән бола бастады деген ой айтқан. Бұл теорияға сәйкес, ТҰК – бұл біріншіден өндірістің интернационализациялануы үдерісіне капиталистік және орталықтандыру үдерісінің салуының нәтижесі [1].

ТҰК қызметін, формалардың орналасуын («geography of enterprise») зерттеуге арналған

іргелі еңбектер 1950-шы жылдардың аяғында пайда болды. Олардың қатарында, Дж.Гэлбрейт, А.Чендлер, Дж.Даннинг және С.Хаймердің теорияларын қарастыруға болады.

Американдық экономист Дж.Гэлбрейт ТҰК-дың пайда болуын технологиялық себептермен түсіндірген. Оның пікірінше, халықаралық компаниялардың шетелдік филиалдарын ұйымдастыру қабылдаушы елдердегі кәсіпорындарда тауар мен қызмет көрсету жүйесін талап ететін, заманға сай күрделі өнімді шетелде өткізу мен техникалық қызмет көрсету қажеттілігімен тығыз байланысты.

Монополиялық артықшылықтар моделін американдық С.Хаймер ұсынды, оны ары қарай Ч.Киндлебергер, Р.Е. Кэйвз, Г.Дж. Джонсон, Р. Лакруа дамытты. Монополистік артықшылық теориясы бойынша шетелдік инвесторға өзінің нарығында «ойын ережелерін» жақсы меңгерген, жергілікті әкімшілікпен жақсы қарым-қатынас орнатқан, үлкен трансакциондық шығындар шекпейтін жергілікті фирмалар алдында артықшылықтарға ие болу қажет. Басқаша айтқанда, С.Хаймер фирманың шетел нарығына шығу шарты ретінде жергілікті бәсекелестер алдында белгілі бір артықшылыққа ие болуы тиіс деген. Шетел фирмалар үшін артықшылықтарды жергілікті фирмалар шығармайтын өзіндік ерекше өнімді өндіру арқылы; жетілген технологияларды қолдану; мол табыс алуға мүмкіндік беретін «масштаб эффектісін» және басқа да жолдарды қолдану арқылы ие болуға болады.

Ч.Киндлебергер С.Хаймердің монополиялық артықшылықтар концепциясына негізделіп, ТҰК-дың сәтті қызмет етудің негізгі факторларын анықтаған:

- * маркетинг техникасындағы артықшылықтарға ие болу;
- * өндіріс масштаб эффектісі есебінен сыртқы және ішкі үнемдеуді қолдану мүмкіндігі;
- * жаңа технологиялар, мамандандырылған еңбек күші мен әлемдік капитал нарығына еркін кірумен байланысты артықшылықтарды иелену;
- * шетел инвесторларына қатысты мемлекеттік реттеудің жеңілдіктерін алу [2].

Американдық экономист Р.Вернон халықаралық экономика элементтерін маркетинг теориясымен байланыстырған. 1966 жылы фирманың өсу теориясы негізінде Р.Вернон өнімнің өмірлік циклі моделін ұсынды. Бұл модель бойынша кез-келген өнім өмірлік циклдің 4 кезеңінен өтеді: I – нарыққа ену, II – сатудың өсуі, III – нарықты толтыру, IV – сатудың бәсеңдеуі.

Ал өндірісін ретке келтірген фирма үшін өнімнің өмірлік халықаралық циклі келесідей көрсетіледі: I – жаңа өнімнің монополистік өндірісі мен экспорты; II – шетелдік бәсекелестерде ұқсас өнімінің пайда болуы мен олардың нарықтарға енуі; III – бәсекелестердің үшінші елдердің нарықтарына шығуы мен сәйкесінше сол өнім экспортының қысқаруы; (IV – мүмкін кезең ретінде пионер-елдің нарығына бәсекелестердің енуі).

Әрине технологиялық жағынан алда келе жатқан фирма жаңа өнім өндірушілер тарапынан бәсекелестіктің пайда болуына дейін басқа өнімді шығарып енгізе алады. Алайда, экспортқа қауіптің күшеюінен шығар басқа да жол бар – бұл өнімнің шетелдегі өндірісін ретке келтіру, бұл өз жағынан өнімнің өмірлік циклін ұзарта алады. Сонымен қатар, өсу мен жетілу кезеңдерінде өндіріс шығындары азайып, өнім бағасының төмендеуіне және экспортты кеңейту мен шет елдерде өндірісті ретке келтіруге мүмкіндік береді. Бірақ экспортқа қарағанда өнімді шет елдерде өндіру көп жағдайда тиімдірек болады: бұл кедендік кедергілерді айналып өту, шетел монополистерімен күресте өз позицияны күшейту және т.б.

Интернализация моделі Р.Коуздың идеясына негізделеді. Р.Коуз бойынша, ірі корпорацияның ішінде оның бөлімшелерінің арасында ерекше ішкі нарық болады, ол нарық корпорация мен оның бөлімшелерінің басшыларымен реттеледі. Интернализация моделін құрушылар – ағылшындық Бакли, М. Кэссон, А. Рагмен, Дж. Даннинг және т.б. пікірінше, халықаралық операциялардың айтарлықтай бөлігі ТҰК атты ірі шаруашылық кешендердің бөлімшелерінің арасындағы ішкі фирмалық операциялар болып табылады [3].

1981 жылы Дж.Даннинг «*эклeктикалық парадигма*» ұғымын енгізді. Бұл эклeктикалық модель бойынша фирма шетелде тауалар мен қызмет көрсетуді өндіруді, яғни тікелей инвестициялауды жүзеге асыруды келесідей үш алғышарттың сәйкес келуінен бастайды: 1)

сол шетел елінде фирма басқа фирмалармен салыстырғанда артықшылықтарға ие болады (артықшылық моделі); 2) фирма кейбір ресурстарды өз еліне қарағанда шетелде тиімдірек қолдана алады (иеленушінің ерекше артықшылықтары); 3) фирма үшін осы артықшылықтарды тауар экспорты мен білімдерді басқа фирмаларға сату арқылы жүзеге асырудан гөрі өзіне пайдалануға тиімді (интернализация артықшылығы).

1-кесте. Тікелей шетел инвестицияларының халықаралық қозғалысының негізгі ғылыми теориялары (1960-1991)

Теория/ парадигма	Автор(лар)	Жылы	Талдау пәні	Мәселелері
ТҰК және нарықтың жетілмегендігі (монополистік бәсекелестік)	Хаймер Киндльбергер	1960 1969	АҚШ ТҰК	ТҰК бәсекеге қабілеттілігін түсіндіру мен олардың интернационализациялану стратегиясы
Тауардың халықаралық өндірісінің циклі	Вернон	1966	АҚШ ТҰК	ТШИ және сыртқы сауда, ағымдар, халықаралық бизнестің дамуына технологиялар мен тауарлардың өмірлік циклінің әсері
Олигополиялар және ТШИ	Никкербоккер Вернон Грэм	1973 1974 1978	Американдық және еуропалық ТҰК	Олигополиялық нарықтық құрылымдар мен ТШИ стратегиялар
Интернационализация	Баккли мен Кассон Ругманн	1973 1974 1978	ТҰК	Трансұлттану, көлденең және тігінен интеграция
«Ұшатын қаздар» парадигмасы	Коджима Озама	1978 1995	Жапондық ТҰК	ТШИ экспорттау арқылы экономикалық өсу
Ұлттардың бәсекелестік артықшылықтары	Портер	1980	Өнеркәсіптік дамыған елдердегі ТҰК	Елдер мен өнер-кәсіптік салалардың бәсекеқабілеттілігі
Эклектикалық парадигма	Даннинг	1981	Өнеркәсіптік дамыған елдердегі ТҰК	Компаниялар мен елдер бойынша ТШИ –дың ерекше детерминаттары
Инвестициялық даму жолы	Даннинг Нарула	1981- 1986 1991- 1993	Дамыған және өсіп келе жатқан экономикалар	Таза сыртқы инвестициялау бойынша позицияла-рымен сәйкес елдердің жіктелуі
«Күш позициясы»	Жильпен Ротгеб	1975 1989- 1991	ТҰК және үкімет	ТҰК мен үкімет арасындағы өзара байланыс, инвестициялық тәуелділік пен саяси келіспеушіліктер
<i>Дерек көзі – Пауль Фишер. Прямые иностранные инвестиции для России: Стратегия возрождения промышленности. 28 б.</i>				

ТҰК-дың халықаралық қызметін эмпирикалық зерттеу шетел инвестициялаудың олигополистік моделінің туындауына ықпал етті. Мысалға, Никкербоккер 1948-1967 жылдар

аралығындағы 187 американдық ТҰК-дың қызметін талдап, олигополиялық салаларда нарық көшбасшылары шетелге инвестиция шығару кезінде өзінің артынан өз бәсекелестерін тартады деген нәтижеге келді. Никкербокер еңбектеріне негізделіп, Грэм АҚШ трансұлттық корпорацияларының Еуропада және еуропалық ТҰК-дың АҚШ-тағы қызметін зерттеген.

Жоғарыда аталған экономист ғалымдардан басқа, трансұлттық корпорациялардың қызмет ету ерекшеліктерін, олардың нарықтағы өзін-өзі ұстау ережелерін П.Баккли, Р.Кейвз, С.Янга, М.Кассон, М.Кастельса, К.Акамацу, П.Маги, К.Коджима, М.Портер және т.б. зерттеген. П.Фишер өз еңбектерінде тікелей шетел инвестицияларының халықаралық қозғалысының негізі ғылыми тұжырымдамаларын тізіп көрсетті (1-кестеден көруге болады) [4].

Трансұлттық корпорациялардың түсінігіне келетін болсақ, орыс ғалымдары С.В.Шагури мен П.Д.Шимко еңбегінде ТҰК – өз қызметінде халықаралық деңгейге бағытталған және орналасу елінде және басқа елдердегі бөлімшелерінде шешім қабылдаудың ортақ орталығы мен трансұлттық өндірістік, сауда және қаржылық кешенді қалыптастыруды талап ететін кешен деп анықтама берілген. ТҰК-ға тән сипаттама түрлі елдерде орналасқан өзінің құрамындағы заңды тұлғалар мен құрылымдық бөлімшелерінің орталықтандырылған басшылықтың белгілі бір дербестік дәрежесіне ие болуы. Олар компанияның ел ішінде және шет елдерде де қызмет ете алатын өздеріне тән жаһандық кешенді бизнес философиясын қолданады. Әдетте бұндай компаниялар өзінің қызмет барысында халықаралық бизнеске тән барлық қолжетімді операцияларды қолдануға тырысады [5].

Қорытындылай келе, трансұлттық корпорациялардың қалыптасу мен капиталдың халықаралық қозғалысын зерттеуші әртүрлі тұжырымдамалық мектептер өкілдерінің көзқарастарын қарастыра отырып, сол теориялық негіз ретінде А.Смит пен Д.Рикардоның классикалық теорияларынан бастап, кейнсиандық, неоклассикалық, неокейнсиандық, маркс-лениндік теориялары жатады деп айтуға болады. Өз уақыттың тарихи ерекшеліктеріне байланысты сол тұжырымдамалар дамытылып жетілдірілді. Жоғарыда аталған авторлардың еңбектеріне сүйенетін босақ, трансұлттық корпорациялар өз қызмет ету сипатына қарай халықаралық компаниялар болып табылады: олар негіз құрған елдерінде де, әлемнің түрлі елдерінде аналық компания құрған жаһандық стратегия бойынша қызмет ететін бөлімшелерін орналастырып, өнім (немесе қызмет көрсетуді) өндірісіне ие болып бақылайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Иншакова А.О. ТНК: Возникновение и дальнейшие перспективы развития. Вестник ВолГУ. Серия 5. Вып. 7. 2005 .С. 65.
2. Grazia letto-Gillies. The theory of the Transnational Corporation at 50+. London South Bank University and Birkbeck University of London, UK.
3. Юнусов Л.А. Международное движение капитала в глобальной экономике. Журнал: Аудит и финансовый анализ №3, 2008.С.1-6.
4. Пауль Фишер. Прямые иностранные инвестиции для России: Стратегия возращения промышленности. 28 с.
5. Шагури С.В., Шимко П.Д., Экономика транснационального предприятия. Санкт-Петербургский государственный политехнический университет, 2008 г. С 10-15.

UDK 330.335 (440-6)

THE ANALYSIS OF FISCAL POLICY OF THE REPUBLIC OF UZBEKISTAN

Abduraximova Saida, Shelest Sergei

aygulya82@mail.ru

A senior teacher of the “Macroeconomics” department,